	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Пікір

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевтың «Сасық қурай (*Ferula asafoetida* L.) экстракты негізінде дәрілік қалып алудың фармакогностикалық және технологиялық аспектілері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор Датхаев Убайдилла Махамбетұлының

ПІКІРІ


Рахымбаев Нұрғали Аманбайұлы 2018 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторантураға қабылданды.

Рахымбаев Н.А. докторлық диссертация жұмысы еліміздің фармацевтика саласының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын импортты алмастыратын өсімдік текті дәрілік құралдарды әзірлеуге және оны өндіріске енгізуге арналған.

Докторант ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу және докторлық диссертация жұмысын жазу барысында жоспарлау, талдау және әдебиеттік шолу бойынша үлкен көлемде еңбек атқарды. Диссертациялық жұмыстың мақсаты *Ferula asafoetida* L. дәрілік өсімдік шикізатын фармакогностикалық талдау жасау және оның негізінде дәрілік қалып жасаудың фармацевтикалық негіздемесі боып табылады.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік бөлімі «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, «ЖАНАФАРМ» Дәрілік препараттар өндірісі» ЖШС, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы» ШЖҚ ЕМК, «ТЕКСЕРУ» өнімді сертификациялайтын фирмасы» ЖШС зертханаларында Н.А. Рахымбаевтың жеке өзімен орындалды.

Рахымбаев Н.А. сасық қурай (*Ferula asafoetida* L.) өсімдігіне фармакогностикалық талдау жасады, оның жер асты бөлігінен әр түрлі экстракттар алып, оларды химиялық құрамы бойынша салыстырмалы талдау жүргізді. Сасық қурай (*Ferula asafoetida* L.) жер асты бөлігі көмірқышқылды экстрактының қауіпсіздігі мен микробқа қарсы белсенділігін анықтай отырып, оның негізінде гель алудың оңтайлы құрамы мен технологиясын әзірледі. Гельді стандарттау жүргізілді және оның тұрақтылығы ұзақ мерзімді сынау әдісімен зерттелді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Пікір

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus дерекқорында индекстелетін «ScienceRise: Pharmaceutical Science» (46 процентиль) халықаралық басылымында, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланды. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы өнертабысқа патентімен расталды.

Жалпы, орындалған диссертациялық жұмыс көлемі мен мазмұны, өзектілігі, жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Рахымбаев Нұрғали Аманбайұлы докторантурада білім алу уақытында өзінің жұмысқа адал көзқараспен қарауымен, жоғары кәсіпқойлығымен, сондай-ақ коммуникативтілігімен ерекшеленді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевқа 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
Фармация ғылымдарының докторы,
профессор**



У.М. Датхаев

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
 «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
 Руководитель отдела документационного обеспечения и контроля
 НАО «Каззахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова»